

А.К. ШАРИПОВ,¹

Э.Ф.Д.

А.А. СЕЙДАХМЕТОВА,²

докторант.

Ф.А. ГАДЖИЕВ,²

магистр.

Ө.А. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы.¹

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті²

ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІС ЖАҒДАЙЫНДА АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

Андатпа

Мақала Қазақстан Республикасының әлемдік ықпалдастық және жаһандану жағдайындағы агроөнеркәсіптік кешенінің бәсекеге қабілеттілігі мәселесіне арналған. Жаһандану үдерісі жағдайында ауыл шаруашылығы өнімдері мен қызметтерінің сапасын жақсарту, шығындарды оңтайландыру, пайданы және бәсекеге қабілеттіліктің басқа да факторларын барынша арттыру қажеттілігі туындағаны атап көрсетілген. Еуразиялық экономикалық одақтың құрылу алғышарттары, оған мүше-елдер, одақ аясында агроөнеркәсіптік саясатының негізгі мақсаттары мен міндеттері қарастырылған. Одақтың негізгі аграрлық азық-түлік нарықтарында мәселелер анықталған. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінің көрсеткіштеріне талдау жүргізілді. Мемлекеттердің өзара саудасындағы аграрлық азық-түлік тауарларының үлесі, негізгі өнім түрлері анықталған. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде авторлар ықпалдастық жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары ретінде ұлттық экспортты қолдаудың қолданыстағы жүйелерін дамыту, ұлттық деңгейде ауыл шаруашылығы өнімдерін дамыту жоспарларын қабылдау, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін кәсіпорындарда басқару жүйелерін сертификаттауды енгізу, үшінші елдерден азық-түлік тауарлары мен ауыл шаруашылығы шикізаты импортының құрылымын оңтайландыру, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің экспорттық инфрақұрылымының қолданыстағы объектілерін жетілдіру және жаңа объектілерін құру, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдарының ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік нарықтарына қатысушылар бірлестіктерімен және экспорттаушылар бірлестіктерімен өзара іс-қимылын кеңейту жолдарын ұсынды.

Тірек сөздер: ауыл шаруашылығы, агроөнеркәсіп кешені, бәсекеге қабілеттілік, интеграция, жаһандану, азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл шаруашылығы өнімдері.

Қазақстан Республикасының халықаралық саясаты әлемдік қауымдастыққа енуіне бағытталғанына байланысты, мемлекетіміздің бәсекелестік деңгейі үнемі өсуде. Қазақстан Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – мүше мемлекеттер, ЕАЭО, Одақ) мүше болып табылады. Жаһандану үдерісі қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден өнімдер мен қызметтердің сапасын жақсартуды, шығындарды оңтайландыруды, пайданы және бәсекеге қабілеттіліктің басқа да факторларын барынша арттыруды талап етеді [1, б. 69].

Жалпы, Ресей мен Қазақстан арасында тарихи қалыптасқан терең экономикалық кооперация бар екендігі мәлім. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін пайда болған ұлттық шекаралар тауарлардың, қызметтердің, капиталдардың және жұмыс күшінің қозғалысын күрделендірді. Кедендік одақ көптеген мәселелердің бір бөлігін шешуге мүмкіндік берді, алайда, терең экономикалық ықпалдасу қажет болды. Экономиканы жаһандандыру жағдайында энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік салаларында келісілген саясатты жүзеге асыру қажеттілігі туындады. 2014 жылдың 29 мамырында Ресей, Беларусь және Қазақстан президенттерімен Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қойылды. Бүгін Еуразиялық экономикалық одақ бес елдің: Ресей, Қазақстан, Беларусь, Армения және Қырғызстан экономикалық әлеуеттерінің бірлестігі болып табылады.

Орта мерзімді перспективада Одақтың келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясатының негізгі мақсаттары мен міндеттері азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзара сауда көлемін ұлғайту, сыртқы нарықтарда агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін

арттыру, сондай-ақ мүше мемлекеттердің субъектілері арасындағы әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету болып табылады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің тең бәсекелестік жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттер саланы мемлекеттік қолдау шараларының рұқсат етілген деңгейі бойынша міндеттемелер қабылдады, сондай-ақ АӨК субсидиялаудың тыйым салынған шаралары айқындалды.

Өндірістің өсуінің және өзара сауданың дамуының үдемелі үрдісіне, импорттық өнімнің қатысуының төмендеуіне және экспорттық әлеуеттің ұлғаюына қарамастан, Одақтың негізгі аграрлық азық-түлік нарықтарында экспорттың төмен диверсификациясы, ішкі тұтытудағы импорттың елеулі үлесі, сыртқы сауданың бір мезгілде ұлғаюымен өзара жеткізілімдердің теңгерімділігі, өзін-өзі қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейі сияқты бірқатар мәселелер байқалады.

Аталған мәселелер агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекетаралық өзара іс-қимыл деңгейін кеңейтуді, аграрлық саланы тиімді және теңгерімді дамыту және ЕАЭО мүше-мемлекеттері экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өнім өндірісін дамыту негізінде мемлекеттік реттеу шараларын үндестіруді қамтамасыз етуді талап етеді.

Агроөнеркәсіп кешені азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ЕАЭО мүше-мемлекеттері экономикасының стратегиялық салаларының бірі болып табылады. Мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы айналымында шамамен 300 млн гектар жер бар, ал жалпы нарық 182,1 млн тұтынушыны құрайды.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы өнімі көлемінің жартысынан астамын Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында ірі тауар өндірушілер өндіреді. Бір мезгілде, Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасында ірі өндірушілердің өнім өндірісі үшін тек 1–3% ғана құрайды, ал өндірістің негізгі көлемін шағын шаруашылықтар қамтамасыз етеді [2, б. 163].

Статистика комитетінің деректері бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда тұрақты бағада 2,4%-ға азайып, 79,0 млрд АҚШ долларын құрады [3].

Нақты көлем индексінің өсімі Қырғызстан мен Қазақстанда – тиісінше 2,4% және 2,0%-ға, ал қалған мүше мемлекеттерде – Арменияда – 4,6%-ға, Ресейде – 3,3%-ға, Беларусьте – 2,3%-ға төмендеді.

Одақ елдері бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін бөлуде Қазақстан мен Беларусьтің үлесі тиісінше 1,9 және 1,1%-ға артты (тиісінше 12,0% және 8,7%-ды құрады), Армения мен Қырғызстанның үлесі тиісінше 0,2 және 0,4 %-ға артты (тиісінше 1,6% және 3,0%-ды құрады). Ресей үлесі 3,6%-ға төмендеп, 74,7%-ды құрады [3].

Жалпы ЕАЭО бойынша өзара саудадағы аграрлық азық-түлік тауарларының үлесі 2018 жылы 16,1% құрады. Бұл ретте, елден жеткізілетін жалпы көлемде аграрлық өнімді жеткізудің ең көп үлесі Арменияда – 66,5%, ал ең азы Ресейде – 9,3% байқалды.

Ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктің өзара саудасының негізін сүт өнімдері, ет және қосымша өнімдер, дәнді дақылдардан жасалған дайын өнімдер, майлар, әртүрлі тамақ өнімдері, көкөністер, алкоголь және алкогольсіз сусындар, ет пен балықтан жасалған дайын өнімдер, какао өнімдері, темекі құрады. Көрсетілген тауарлардың үлесіне құндық мәндегі өзара сауданың жалпы көлемінің 79,4%-ы тиесілі [3].

Жалғасып жатқан экономикалық дағдарыс және әлемдік шикізат нарықтарының құбылмалылығы жағдайында жұмыс істеуіне қарамастан, ЕАЭО мүше-мемлекеттердің агроөнеркәсіптік экономикалық интеграциясын дамытуда оң үрдістер қалыптасты. Ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлікпен өзара сауда серпіні құндық көрсеткіштердің төмендеуіне қарамастан, көлемдік көрсеткіштерде өзара жеткізілімдер ұлғаюын көрсетеді. Дегенмен, өңірлік сауданың жеткілікті төмен деңгейін атап өту қажет, бұл көрсеткіш 2018 жылы 15,7%, ал Еуропалық Одақта бұл көрсеткіш шамамен 70% құрайды [3].

Осыған байланысты мүше мемлекеттердің өзара сауда әлеуетін іске асыру есебінен Одақтың нарығына азық-түлік тауарларының импорттық жеткізілімдеріне тәуелділікті төмендету өзекті болып табылады [4, б. 60].

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде біз ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ішкі аграрлық азық-түлік нарығында келісілген экспорттық саясат және тығыз өзара іс-қимыл бағыттарын жүзеге асыру жолдарын ұсынамыз:

- ♦ ұлттық экспортты қолдаудың қолданыстағы жүйелерін олардың ықтимал өзара іс-қимылын ескере отырып дамыту;
- ♦ ұлттық деңгейде ауыл шаруашылығы өнімдері, шикізат пен азық-түлік экспортын дамыту жоспарларын (бағдарламаларын) қабылдау;
- ♦ халықаралық талаптарға сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін, шикізат пен азық-түлік өндіретін кәсіпорындарда басқару жүйелерін сертификаттауды енгізу;
- ♦ одақтың өндірістік әлеуетін ескере отырып, үшінші елдерден азық-түлік тауарлары мен ауыл шаруашылығы шикізаты импортының құрылымын оңтайландыру;
- ♦ ЕАЭО мүше-мемлекеттердің экспорттық инфрақұрылымының қолданыстағы объектілерін жетілдіру және жаңа объектілерін құру, оның ішінде оларды ішкі және сыртқы аграрлық азық-түлік нарықтарында бірлесіп пайдалану мақсаттарын басшылыққа алу;
- ♦ ЕАЭО мүше-мемлекеттердің атқарушы билік органдарының ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік нарықтарына қатысушылар бірлестіктерімен және экспорттаушылар бірлестіктерімен өзара іс-қимылын кеңейту;
- ♦ ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлікті жеткізуді әртараптандыру және АӨК өнімдерін экспорттау құрылымында қайта өңдеу өнімдерінің үлес салмағын арттыру.

Ұсынылып отырған іс-шаралар кешенін іске асыру ықпалдастық жағдайында мемлекеттің ауылшаруашылық өнімдерінің бәсекелік қабілетітілігін арттыратынына өз үлесін қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Шарипов А.К., Беделбаева А.Е. Шетел тәжірибесі негізінде ауыл аумақтарының орнықты даму бағыттарын қалыптастыру // «Тұран» университетінің хабаршысы. – 2019. – № 1(81). – С. 69–73.
- 2 Golam M., Monowar M. Eurasian Economic Union: Evolution, challenges and possible future directions // Journal of Eurasian Studies. Volume 9. Issue 2. July 2018. P. 163–172.
- 3 Внешняя и взаимная торговля. Основные показатели за 2017–2018 годы. [Электронный ресурс]: <http://stat.gov.kz/>.
- 4 Кантуреев М.Т., Ағымбай А.О., Абдимомынова А.Ш., Махамбетова М.А. Обеспечение продовольственной безопасности региона // Вестник университета «Туран». – 2019. – № 2(82). – С. 60–66.

Аннотация

Статья посвящена проблемам конкурентоспособности агропромышленного комплекса в условиях глобализации и мировой интеграции Республики Казахстан. Отмечено, что в условиях процесса глобализации возникла необходимость улучшения качества продукции и услуг сельского хозяйства, оптимизации затрат, максимизации прибыли и других факторов конкурентоспособности. Рассмотрены предпосылки создания Евразийского экономического союза, страны-участницы, основные цели и задачи агропромышленной политики в рамках союза. На основных агропродовольственных рынках союза выявлены проблемы. Проведен анализ показателей объемов производства сельскохозяйственной продукции в государствах-членах Евразийского экономического союза. Определены основные виды продукции, доля агропродовольственных товаров во взаимной торговле государств. В результате проведенного исследования авторами предложены меры по обеспечению продовольственной безопасности в условиях интеграции, такие, как развитие существующих систем поддержки национального экспорта, принятие на национальном уровне планов развития экспорта сельскохозяйственной продукции, внедрение сертификации систем управления на предприятиях, производящих сельскохозяйственную продукцию. Рекомендованы оптимизация структуры импорта продовольственных товаров и сельскохозяйственного сырья из третьих стран, совершенствование существующих и создание новых объектов экспортной инфраструктуры государств-членов ЕАЭС, расширение взаимодействия органов исполнительной власти государств-членов ЕАЭС с объединениями экспортеров и объединениями участников рынков сельскохозяйственной продукции и продовольствия.

Ключевые слова: сельское хозяйство, агропромышленный комплекс, конкурентоспособность, интеграция, глобализация, продовольственная безопасность, продукция сельского хозяйства.

Abstract

The article is devoted to the problems of competitiveness of agro-industrial complex in the conditions of globalization and world integration of the Republic of Kazakhstan. It is noted that in the context of globalization there is a need to improve the quality of products and services of agriculture, cost optimization, profit maximization and other factors of competitiveness. The prerequisites for the creation of the Eurasian Economic Union, the participating countries, the main goals and objectives of agro-industrial policy within the Union are considered. Problems were identified in the main agri-food markets of the Union. The analysis of indicators of agricultural production in the member States of the Eurasian economic Union. The main types of products, the share of agri-food products in the mutual trade of states are determined. As a result of the study, the authors propose measures to ensure food security in terms of integration, such as the development of existing systems to support national exports, the adoption of national plans for the development of agricultural exports, the introduction of certification of management systems in enterprises producing agricultural products. The optimization of the structure of imports of food and agricultural raw materials from third countries, improvement of existing and creation of new objects of the export infrastructure of the member States of the EEU, the extension of interaction of Executive authorities of the member States of the EEU with associations of exporters and associations of participants of the markets of agricultural products and food are recommended.

Key words: agriculture, agro-industrial complex, competitiveness, integration, globalization, food security, agricultural products.